

Баянауыл ауданы білім беру бөлімінің  
«Жайма жалпы орта білім беру мектебі» КММ  
Қамқоршылық кеңесінің отырысы  
**№4 хаттама**

Орны: Жайма жалпы орта білім беру мектебі  
Уақыты: 16.03.2021  
Қатысқандар: Қамқоршылық кеңес мүшелері,  
Мектеп басшысы Г.А. Мухтарова  
ДТЖО М.Р.Жұбатқанова  
Әлуметтік педагог Бейсекеева Ж.С.  
Қатыспағандар: 0

**Күн тәртібінде:**

1. «Қамқорлық» акциясының есебі
2. Наурыз мейрамының ұйымдастырылуы және өткізілуі

Кеңес отырысын қамқоршылар кеңесінің төрағасы **Айтбаев Қ.Т.** ашты. Ол өз сөзінде әлеуметтік көмекті қажет ететін отбасы балаларына және басқа санаттағы балаларға қайырымдылық жасау, 0-18 жас аралығындағы балаларды жаппай оқумен қамту және әлеуметтік көмекпен қамтамасыз ету жұмыстары ұйымдастырылғанын айтып өтті. Сөз кезегін мектебіміздің әлеуметтік педагогы **Бейсекеева Ж.С.** берді. Жыл сайынғы қаңтар – ақпан айларында «Қамқорлық» қайырымдылық акциясының өткізу туралы, «Қамқорлық» акциясын өткізу туралы жоспар құрылды, акцияны ұйымдастыру комитеттің құрамы бекітілді. Айлық кезінде демеушілеріміз әлеуметтік жағдайы төмен, көп балалы, аз қамтылған отбасынан шыққан оқушыларға мектепке қажетті оқу құралдарымен қамтамасыз етілгендігі туралы айтып өтті.

Наурыз мейрамының ұйымдастырылуы және өткізілуі туралы сөз кезегі тәрбие ісінің меңгерушісі **М.Р.Жұбатқанова** және қамқоршылық кеңесінің меңгерушілеріне берілді. Тәрбие ісінің меңгерушісі 20 наурыз күні мектептің 1-11 сынып оқушыларына наурыз мейрамы ұйымдастырылатынын, мейрамды өткізу туралы жоспар құрылғанын, мейрамды өткізудің ұйымдастырудың кестесі жасалғанын айтып өтті. Қамқоршылық кеңестің мүшесі **Райымбекова Р.Е.** «1 – Наурыз» алғыс айту күні және «8 – Наурыз» халықаралық әйелдер күні науқан ұйымдастырылып, «Туған жерге тағзым» акциясы аясында мектеп түлектерінің зейнеткер ұстаздарды және қамқоршы ата – аналарды марапттағанын және сыйлықтар табысталғанын айтып өтті. Қамқоршылық кеңесінің төрағасы кеңес мүшелеріне және мектеп басшысының ынтымақтастыққа жұмыс жасап жатқандықтарына, балаларға көрсетіліп жатқан қамқорлықтары үшін ризашылығын білдіріп, алғысын білдірді.

Жиналыс төрағасы:

Хатшы:



Айтбаев Қ.Т.

Боранбаева А.К.